

## ҚОСТАНАЙ ТҰҚЫМЫ ЖЫЛҚЫЛАРЫН ЖАРАТЫП-БАПТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Бекбосынов К., Шауенов С., Ибраев Д.*

### *Аннотация*

Мақалада Қостанай тұқымы жылқыларын жаратып-баптау технологиясы яғни 1,5 жасқа дейінгі жас жылқыларды бағып күту, топтап және жеке жаратып - баптау технологиялары нақты келтірілген Тәжірибеде зерттелген жас жылқыларды жаратып баптаудың негізгі мақсаты, оларды одан әрі жетілдіру, пайдалану бағыты айқындалған. Сонымен қатар, «Қазақ Тұлпары» жылқы зауытындағы жас жылқыларды әртүрлі тренингтен өткізу нәтижелері талданып, оның жалпы жылқы спортындағы маңызы айқындалып келтірілген.

**Кілттік сөздер:** жылқы зауыты, Қазақ тұлпары, Қостанай жылқы тұқымы, тренинг, баптау, аллюр

### **Кіріспе**

Соңғы жылдары спорттың басқа түрлерімен қатар ат спорты да даму үстінде. Дегенмен ат спортының өзіндік ерекшеліктері бар. Ат спорты жарыстарына өте жақсы үйретілген, яғни әр кезеңдік жарату-баптау, оның ішінде топтық , жеке жаттықтырулардан, ипподромдық жаттықтыру мен сынаудан өткен жылқылар қатысады. Жылқы үйрету немесе бас білдіру жылқыны салт мініске немесе күш көлік ретінде пайдалануға үйрету, демек жылқыны 1-2 жыл бойы ұдайы жаттықтыру оның тұрқының сәнді, қимылының дұрыс қалыптасуына және адамға бағынуға жаттықтыру [1].

Ат спорты ұзақ, үздіксіз және көп жұмысты қажет етеді. Нақты баптау жоспарынсыз жылқының дамуы және оның ерекше спорттық

көрсеткіштерін жетілдіруі мүмкін емес. Яғни төлдің таза үйлесімді қозғалысы пайда болуымен бірге, оның күші және төзімділігі де қалыптасуы үшін шаруашылықта алдын ала нақты күтіп-бағу және баптау жоспары құрылады. Жас жылқыларды баптау және сынақ-жылқылардың жұмыс қабілетін жоғарылату және жылқының физиологиялық жағдайына кері әсерін тигізбеу үшін орындалатын маңызды баптау құралы болып табылады [2].

Қазақ тұлпары жылқы зауытында төлді 6-7 айлығында енесінен айыру қарастырылған. Төлді енесінен бөліп-айыру мерзімі жылқыларды атқорада ұстау кезеңіне сәйкес келетіндіктен олар жаңа күн тәртібі мен азықтандыру түріне көшіріледі, сондықтан аса зор көңіл

азық рационын құрастыруға және осы рацион бойынша азықтандыруға бөлінеді [2]. Жылқы төлдерін өсіру және баптау технологиясы қазіргі жылқы шаруашылығының маңызды іс-шарасы болып табылады[3,6].

### **Зерттеу әдістемесі және материалдары.**

Зерттеу жұмыстары Қостанай облысы Заречный кентінде орналасқан «Қазақ тұлпары» жылқы зауытында жүргізілді. Зауытта қостанай, таза қанды ағылшын, араб жылқы тұқымдары және олардың будандары өсіріледі.

Біздің ізденіс жұмыстарымыздың зерттеу нысанасы ретінде 2012-2014 жылы туылған әр түрлі жастағы Қостанай тұқымы жылқылары алынды, және оларды бас білдіружаратып баптау технологиясы зерттелді.

Зерттеу жалпы зоотехникалық әдістер негізінде

### **Зерттеу нәтижелері.**

Жылқы зауытындағы төл өсіру тәжірибесі іс жүзінде ерте туған, ақпан-сәуір айларында туылған құлындардың жақсы өсіп жетілетіндігін көрсетті. Кеш туған құлындар(шілде-тамыз) жайылымды толыққанды пайдалана алмағандықтан әлсіз өсіп-жетілуі және қысқа түсуге дайындығы жеткіліксіз болатыны байқалды. Сондықтан шаруашылықтағы жылқылардың күйек науқанын, олардың төлдеу уақытын қыстың аяғы немесе көктемнің басына сәйкестендіріп жүргізу қажет екені анықталды [2].

Негізгі ізденіс жұмыстары Қазақ тұлпары асылтұқымды жылқы зауытында өсірілетін Қостанай жылқы тұқымы жас жылқыларын спорттық жарыстарға дейін жаратып-баптау технологиясын зерттеуге арналған

келесі нысана, әдістемелер мен құжаттарды пайдалану арқылы жүргізілді, яғни 2012-2014 жылдары аралығында туылған жылқылардың асылтұқымдық сапа нәтижесі(жеке бағалау кітапшасы); 2012-2014 жыл аралығында жүргізілген алғашқы зоотехникалық іс-қағаздары мен тағы басқа құжаттар; жас жылқыларды күтіп бағу, күн тәртібі мен азықтандыру кестесі және баптау технологиялары; жас жылқыларды жаратып-баптауды ұйымдастыру және оларды өткізу әдістемелері[1,2].

Өсірілетін жылқылардың сапасы, олардың ата-енесінің тұқым қуалағыштық қасиетіне ғана тәуелді емес, сонымен қатар оларды өсірудегі күтіп бағу, азықтандыру жағдайларына да байланысты болады. Сондықтан, өнім беретін жылқы тобына дұрыс сұрыптау және жұп таңдау жүргізумен қатар, төлді өсіруге қолайлы жағдай туғызылуы керек, себебі ата-енесінің тұқым қуалағыштық ерекшеліктері ұрпақтарынан толық көрінуі тиіс. Құлындарды айыру-құлындарды енесінен бөлу және ана сүтінсіз азықтандыруға

ауыстыру үшін шаруашылықтағы құлындар енесінен 6-7 айлық кезінде бөлінеді. Төлді енесінен бөлу немесе айыру алдында міндетті түрде оларды таңбалау жүргізіледі. Енесінен бөліп айырылған құлындар мүмкіндігінше көбірек таза ауада, әрі үнемі қозғалыста болады, өйткені жүйелі қозғалыс олардың буындарының бекуіне және дене еттерінің өсуіне өте қажет [4,5,6].

Құлындарды енесінен айырғаннан кейін күніне 4 рет азықтандырады, оның ішінде құрамажем 3 рет, шырынды азық 1-2 рет, ал шөп 4 рет беріледі. Ас тұзы тұрақты беріледі. Құлындар күніне 2-3 рет суарылады, ол үшін топпен ішуге арналған астаулар қойылған, ал жеке күтіп-бағудағы құлындар қолмен жекелеп суарылады. Құлындар бір-біріне әбден үйренгеннен кейін, оларды күнде серуендетуге шығарып отырады (1-кесте).

1-кесте. 1,5 жасқа дейінгі жас жылқыларды күтіп-бағу күн тәртібі

Қолда тұрған кезеңінде		Жайылымға шыққан кезеңінде	
Жұмыс түрі	Уақыты	Жұмыс түрі	Уақыты
Суару, азықтандыру	7 <sup>00</sup> -8 <sup>00</sup>	Жайылымға шығу	6 <sup>00</sup>
Жылы-жайды жинау, тазарту, көнді шығару	8 <sup>00</sup> -10 <sup>00</sup>	Жайылымнан қайту	19 <sup>00</sup>
Бас білдіруге, тазалауға үйрету, мал дәрігер қарауы	9 <sup>00</sup> -10 <sup>00</sup>	Жылы-жайға кіргізу	19 <sup>30</sup>
Ашық-жайға шығару	10 <sup>00</sup> -16 <sup>00</sup>	Азықтандыру	20 <sup>00</sup> -20 <sup>30</sup>
Шпиргартенге шығару	16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup>	Ашық-жайға шығару	20 <sup>30</sup>
Жылы-жайға кіргізу	16 <sup>45</sup> -17 <sup>30</sup>	Түнгі демалыс	20 <sup>30</sup> -6 <sup>00</sup>
Мал дәрігер қарауы	17 <sup>30</sup> -18 <sup>00</sup>		
Суару, азықтандыру	18 <sup>00</sup> -19 <sup>00</sup>		
Түнгі демалыс	19 <sup>00</sup> -7 <sup>00</sup>		

Құлындарды жаратып-баптау дегеніміз жылқыны сынаққа дайындау мақсатында, оның әр түрлі ырғақтағы және ұзақтықтағы қозғалыстарымен жүйелі түрде жүргізілетін кешенді жұмыс, ол тұқым қуалап берілетін сапалық белгілердің көрінуіне әсер етеді және асылдандыру жұмысында

жылқы тұқымын жетілдіруде өте маңызды орын алады.

Жаратып-баптау жүйесінің негізгі міндеті төлдің денсаулығын және жалпы дене мүшелерінің дамуын жоғарлату. Топтап жаратып-баптауды, төлді енесінен айырғаннан кейін 8-10 күн өткен соң бастайды, өйткені осы уақытта олар жаңа жағдайдағы бағып-

күтуге, азықтандыруға және ұстауға көндігіп қалыптаса бастайды.

Төлді топтап жаратып-баптаудың басты мақсаты, кешенді жаттығулар арқылы, қосымша жүктемесіз бос жабдықсыз жағдайда жүрек-қан, нерв және бұлшық ет жүйелерінің жұмысын жетілдіру, өнімді қозғалысын қалыптастыру, жас ағзаны шынықтыру және оны келесі 2-кесте. Мерзіміне байланысты жас жылқыларды топтап жаратып- баптау

жекелеп жаратып-баптау кезінде артық жүктемені көтеріп жүруге дайындау. Топтап жаратып-баптау шпрингартенде, аптасына 6 күн жүргізіледі. Жаттығуға дейін құлындарды ашық ауаға шығарып серуендетіп алады, ал 30-40 минуттан, кейін оларды төмендегі кесте көрсеткіштеріне сәйкес топтап жаратып -баптауға кіріседі (2-кесте).

Жұмыс атауы	Айлар	
	қазан-наурыз	сәуір-қыркүйек
1. Қыздыру (адым)	15 мин	15 мин
2. Еркін желіс	15 мин	10-15 мин
3. Кентер (шоқырақ)	-	3-5 мин
4. Еркін аяң жүріс	10 мин	5-7 мин
5. Жай аяң жүріс	20 мин	15 мин
Барлық жұмыс	60 мин	60 мин

Кестеде келтірілгендей құлындарды жаратып баптау бес жүріс көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда төлдерді жарату алдында қыздыру, еркін желіс, кентер (шоқырақ), еркін аяң жүріс, жай аяң жүріс. Осы жүріс көрсеткіштері оларды жаттықтыру мерзіміне (айларына) байланысты әртүрлі уақыттар бойынша жүргізілді, бірақ жалпы жарату уақыты бірдей, яғни 60 минут. Кестеден қазан-наурыз айларында өткізілетін жаратып-баптау технологиясында жүріс мерзімдерінің сәуір-қыркүйек мерзімінде өткізілетін жаратып-баптау уақытынан ұзағырақ екені байқалады. Төлді топтап жарату екі салт аттының күшімен өткізіледі, себебі біреуі төл тобының алдында жүре отырып, олардың жүрісін,

жылдамдығын және ұзақтығын қадағаласа, екінші салт атты топтың артында жүре отырып, төлдің топтан қалыс қалмауын бақылап отырады. Төлдерді суару және құрама жем азығын жаратып-баптаудың алдында, кем дегенде 1 сағат бұрын және ол біткеннен кейін 2 сағаттан соң береді.

Жылқы төлін топтап жаратып баптауды 1,5 жасқа дейін жүргізеді. Құлындарды топтық жаратып -баптаудан кейін оларды жекелеп жаратып баптауды бастайды яғни оларды жекелеп жаратып-баптауды 1,5 жасынан бастап жүргізеді. Жекелеп жаратып-баптаудың алдында төлдер, арнайы дайындығы бар бапкер басқаратын бапкерлік бөлімге ауыстырылады.

Жекелеп жаратып-баптау құлындарды бас білдіртуден, яғни ерттеп мінуге үйретуден басталады.

Құлындарға бас білдіртудегі басты міндет - жуасыту, мінез-құлқын жұмсарту, шабандоздың айтқанын орындауға, яғни адамның еркіне толық бағынуға, біркелкі ырғақта еркін қозғалуға қалыптастыру болып табылады.

Дұрыс бас білдірту көп жағдайда, құлындардың мінез-құлқын қалыптастырады. Бас білдірудің талаптарына құлындарды бағындыру үшін төзімділік және мейірімділік қажет.

Бас білдірту арнайы манежде өткізіледі. Бас білдіруге дейін құлындарды үйрету кезінде оларды сабырлы болуы үшін ашық-жайға (левада) шығарып жүгіртіп алған жөн. Құлындарға бас білдіртудің 1- сатысында, оны салт аттысыз, тек ерге ғана үйретіп,

ермен манеж шеңберін бірнеше рет айналады. Келесі күндері, құлынның мінез-құлқын қадағалай отырып, ерттеп, салт аттымен жүргізіп үйретеді. Құлынды жүгендегенде ауыздыққа ерекше назар аударылады, себебі ауыздық құлынның ауызын зақымдап тастауы мүмкін.[7,8].

Бас білдірту жұмысын 7-10 күн бойы жалғастырады, осы уақытта құлындар ерттеу мен салт мінуге үйренеді. Сонан соң, құлындар 1,5-2,0 апта бойы аяң мен желіске үйретіледі. Көктемде, сәуір айында ауа-райының қолайлы жағдайында қысқа қашықтыққа (200-250 м) ұшқырлығын байқау үшін шоқырақтату жүргізіледі. Өртүрлі жастағы жылқыларды жеке жаратып - баптау 3 кестеде келтірілген талаптар бойынша өткізіледі (3-кесте).

3-кесте – Өртүрлі жастағы жылқыларды жеке жаратып-баптау талаптары, мин

Аллюр	Төлдердің жасы , ай		
	12-18	18-24	24-30
желіс	10-12	10	15
адым	7-8	5	5
желіс	4-5	7	10
шабу	2-5	3-4	4-6
желіс	4-5	8-10	10
адым	20-25	20-25	20-25

1,5 жастағы, одан кейін 2 жастағы төлдерді сынаққа дайындау сатысы шартты түрде 2 маусымға бөлінеді. Бірінші сатысында (қараша-қаңтар) бұлшық еттері жетіліп, аяқтарының сіңірлері мен буындары бекіп қатайды. Бұл уақытта жылқылар,

негізінен 2 түрлі қозғалыспен – аяң және желіспен, арасында шоқырақтатумен жұмыс істейді. Бұл кезеңнің ұзақтығы жобамен 1,5-2 ай, одан кейін 2 аптадай демалыс беріледі, арасында шамалы жүгіртіп қояды.

Екінші кезеңде (ақпан-сәуір) жаратудағы жылқылардың бұлшық еттері біржолата бекіп бітеді, енді олардың тыныс алу және жүрек-қан жүйелерінің ағзалары дами бастайды. Негізгі қозғалыстары: аяң, желіс, шоқырақтату. Аяғында жазылта шаптыртып алады. Бұл кезеңнің ұзақтығы жобамен 3,5-4 ай. Бұдан кейін жылқыларға, бірінші кезеңнен кейінгі сияқты, қысқа демалыс беріледі.

Соңынан, алдындағы екі кезеңде жылқылармен жүргізілген жұмыстарды қорытындылайды, яғни жеткен нәтижелерді талдайды, жіберілген қателіктерді түзейді, әрі жас жылқылардың ат жарысына дайындық дәрежесін анықтайды. Соңғы кезеңде жылқының таза дем алуына баса назар аударылады, сонымен қатар, төлдің физиологиялық жағдайы және жеке жүктемесі қатаң бақыланады.

Дайындық барысында 3 жасар және одан жоғары жастағы жылқыларды да осы ұстаным бойынша бөлінген жаттығу сатыларымен, жеке жүктемелеріне ғана аздап түзетулер енгізіп, жүктемесін көбейтіп дайындау жүргізіледі. Төлді тәрбиелеуде

технологиялық сатылардың негізгі үзбелерін, жаттығу әдістерін және күтімін жетік білікті орындау, жоғары класты спорт жылқыларын дайындауды қамтамасыз етеді.

### **Қорытынды**

Жылқы зауытында жас жылқыларды күтіп-бағу, азықтандыру және жаратып-баптау, асылдандыру жұмысындағы негізгі іс-шараның бірі болып есептелінеді. Өртүрлі жастағы жылқыларды жаратып-баптау жұмыстарынсыз жоғары класты асыл тұқымды спорттық жылқыларды ұдайы өсіру және оларды белгілі ат спортына бейімдеп өсіру мүмкін емес. Атап айтқанда, топтап және жеке жаратып баптау аллюр түрлерін (адым, еркін желіс, кентер, еркін аяң жүріс, жай аяң жүріс, шабыс) бойынша талаптарға сәйкес өткізу пайдаланылады. Сондықтан шаруашылықтағы өсірілетін Қостанай тұқымы жылқы басының спорттық көрсеткіштерінің одан әрі жақсаруы, оларды сапалы топтық және жеке жаратып-баптауға тікелей байланысты екені зерттеліп анықталды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Кикебаев Н.А., Рахманов С.С., Рысалдина А.А., Амандыкова А.Б., Уразаков А.К. Рекомендации по рациональному тренингу и испытанию лошадей, – Костанай, 2008. – 32 б.

2 Кикебаев Н.А., Рахманов С.С., Рысалдина А.А., Дрейфельд Л.А., Амандыкова А.Б., Оразаков А.К. Бәйге аттарының құлындарың өсіру технологиясының әдістемелік ұсынысы. – Қостанай, 2008. – 26 б.

3 Кикебаев Н.А. Зоотехническая и генетическая характеристика жеребцов Костанайской, английской чистокровной верховой и арабской

пород // С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ Ғылым жаршысы . – 2011. - № 2(69). – С.3-7.

4Муслимов Б.М. Кустанайская порода лошадей, - Костанай, 2000.- 167б.

5Моторико М.Г., Нечаев И.Н.,Федотов П.А. Коневодство Казахстана – Алма-Ата:Кайнар,1986.–205 б.

6 Муслимов Б.М Рекомендации по организации полноценного кормления и технологии тренинга кустанайских лошадей. – Костанай, 2000.– 30б.

7Нечаев И.Н, Тореханов.А, Жумагул.А,Сизонов.Г, Жайтапов.Т,Кикебаев.Н.А, НурушевН.Казахская лошадь.Прошлое,настоящее,будущее. – Алматы, 2005.– 207 б

8 Munsters,CCBM ; van Iwaarden ,A ; van Weeren,R ; van Oldruitenborgh-Oosterbaan, MMS.ExercisetestinginWarmbloodsporthorsesunderfieldconditions.- VeterinaryJournal. - 2014. -V.1-P.11-19

9 Lorello,O., Ramseyer.A.,Burger,D.,Gerber,V.,Bruckmaier,R.M.,van der Kolk,J.H.,Navas de Nolis,C.Repeated measurements of markers of autonomic tone over a training season in evening horses// Journal of Equine Veterinary Science, – 2017.–V. 53,–P.38-44.

10 McLean,A.N.,Christensen,J.W. The application of learning theory in horse training // Applied Animal Behavior Science,– 2017. – V.190,– P.18-27.

## **Резюме**

В данной статье освещены результаты исследования,посвященные групповому и индивидуальному тренингу жеребят разного возраста Костанайской породы лошадей, разводимых в условиях ТОО «Қазақ тұлпары» Костанайской области.В частности, авторами изучены условия содержания и кормления,индивидуальный и групповой тренинг жеребят Костанайской породы лошадей разных возрастов,согласно нормам, в том числе аллюры:шаг,рысь,кентер,которые применяются по сезонам года,попеременно,согласно схеме тренировок.

## **Summary**

This article highlights the results of studies on group and individual training foals Kostanay breed horses bred in conditions of LLC "Kazakh tulpary" Kostanay region. In particular, the authors examined the conditions of detention and the feeding, individual and group training foals Kostanay breed horses of different ages, according to the norms, including gaits: walk, trot, canter, which are used by seasons, alternately, according to the scheme of training.